

УДК 177.7

<https://doi.org/10.63546/3005-2246.2025.9.1.002>

**ӘМІР Досжан Сарманқұлұлы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі Сот алқасының судьясы, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы

**МЕРГЕМБАЕВ Данияр Азанбаевич**

Заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот төрелігі академиясының академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығының үйлестірушісі

## ЕҢ БИІК СОТ – АРДЫҢ СОТЫ

**Аннотация.** Мақалада адамзат болмысының жан дүниесі: мінез-құлқы, адами қасиеттері, тәрбиесі, көрегенділігі мен парасаттылығы сипатталады. Білім, ғылым, өнер, ар-ұят, иман сынды шуақты құндылықтар адамдардан жырақта болғанда, қоғам басына келетін кесепаттың, әділетсіздіктің орын алатыны жайында сөз қозғалады.

Білім мен адамгершілік екі басқа нәрсе екендігі, тәрбиесіз білім адамға таяқ болып тиетіндігі айтылады. Әдепті адамдар әдетте арлы да ұятты, қайырымды да мейірімді келеді. Адамның өзін-өзі үнемі тәрбиелеп отыруының, әдепті адам болып қалыптасуының, арамдыққа бой ұрмай, адамгершілік қасиеттерін биік ұстауының маңыздылығы тереңінен қарастырылады. Әсіресе сот билігіндегі адамдардың ар-ұяты мен әділеті, ынсабы мен рақымы аса жоғары болу қажеттілігі айтылады.

**Түйін сөздер:** ар-ұят, адамгершілік, мораль, әдеп, мінез, құқық, әділеттілік, білім, ғылым, парасат.

**ӘМІР Досжан Сарманқұлұлы**

Судья Верховного Суда Республики Казахстан, Председатель союза Судей Республики Казахстан

**МЕРГЕМБАЕВ Данияр Азанбаевич**

Магистр юридических наук, координатор Центра академических программ и проектов Академии правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

## САМЫЙ ВЫСШИЙ СУД – СУД СОВЕСТИ

**Аннотация.** Статья поднимает важные аспекты человеческой души и моральных ценностей, которые играют ключевую роль в формировании общества. В ней подчеркивается, что поведение человека и его личностные качества неразрывно связаны с образованием и воспитанием. Если эти ценности игнорируются, то общество сталкивается с проблемами жестокости и несправедливости.

Знания, не подкрепленные моральными принципами, приводят к негативным последствиям. Только порядочные люди, обладающие совестью и добротой, способны создать основу для здорового общества. Высокий уровень нравственной

культуры судебной власти чрезвычайно важен. Так как справедливость в обществе зависит не только от законов, но и от моральных качеств тех, кто эти законы применяет.

**Ключевые слова:** совесть, нравственность, мораль, этика, характер, право, справедливость, образование, наука, разум.

### AMIR Doszhan Sarmankululy

Judge of the Supreme Court of the Republic of Kazakhstan, Chairman of the Union of Judges of the Republic of Kazakhstan

### MERGEMBAYEV Daniyar Azanbayevich

Master of Law, Coordinator of the Center for Academic Programs and Projects of the Academy of Justice under the High Judicial Council of the Republic of Kazakhstan

## THE HIGHEST COURT IS THE COURT OF CONSCIENCE

**Annotation.** The article highlights important aspects of the human soul and moral values that play a key role in shaping society. It emphasizes that human behavior and personal qualities are inextricably linked to education and upbringing. If these values are ignored, then society faces problems of cruelty and injustice. Knowledge that is not supported by moral principles leads to negative consequences. Only decent people with conscience and kindness can create the foundation for a healthy society. A high level of moral culture of the judiciary is extremely important. Because justice in society depends not only on laws, but also on the moral qualities of those who apply these laws.

**Key words:** conscience, morality, morality, ethics, character, law, justice, education, science, reason.

### Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылдың 4 қазанында өткен Қазақстан Республикасы Судьяларының IX съезінде елімізде сот саласын кешенді реформалау нәтижесінде біршама жетістіктерге қол жеткізілгендігі жайында айтты. Ел Президенті «Сот мамандарын іріктеу және құзыретін күшейтуге баса мән беру қажет» екенін жеткізе отырып, «Жоғары сот кеңесі дербес әрі кәсіби судьялар корпусын қалыптастырудың кепілі болуға тиіс»-деді. Сондай-ақ, «Әділ сот мемлекеттің тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуға тиіс. Жалпы, судьялар адалдықтың, дербестіктің және әділдіктің жарқын үлгісі болуы керек. Сондықтан

судьялардың этикалық нормаларды сақтауы ерекше маңызды», - деп нақтылады [1].

Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі - Қазақстан Республикасы Президентінің соттарды қалыптастыру жөніндегі конституциялық өкілеттіктерін, судьялардың тәуелсіздігі мен оларға ешкімнің тиіспеу кепілдіктерін қамтамасыз ететін автономиялы мемлекеттік мекеме [2].

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы ерекше мәртебе берілген жоғары оқу орны Сот төрелігі академиясы, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырып, сот жүйесі кадрларын қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды және ғылыми қызметті жүзеге асырады.

Сот төрелігі академиясы турашыл, әділ, жоғары білікті кәсіби кадрларды даярлайтын білім ордасына айналууда. Академияда осы қозғалып отырған тақырып аясында біршама іс-шаралар жүргізілуде сонымен қатар оқулықтар мен мақала, монографиялар жарық көруде. Судьялар мен сот жүйесі қызметкерлеріне және болашақ судьяларға (магистранттар) адамгершілік негіздері, мораль, құқықтық мәдениет, құқықтық деонтология, сот қызметіндегі риторика және коммуникация, әдеп пәндері бойынша сабақ өткізіледі және сол тақырыптар аясында үнемі сөз қозғалады. Мысалға, құқықтық деонтология - жалпы моральдық, құқықтық нормаларды судьялардың кәсіби ісіндегі көрінісін зерттейтін пән. Бұл пән судьялардың мінез-құлқын реттейтін тек моральдық-этикалық нормаларды ғана емес, сонымен бірге құқықтық, психологиялық талаптарды да зерттейді. Құқықтық деонтологияның ерекшелігі, ол судьяның тұлғалық қасиетіне, оның ішкі жан дүниесіне терең үңілуді және оны сот төрелігінің тиімді факторына айналдыруға назар аударады.

Құқық пен мораль, заң мен әділеттілік арасындағы байланыс пен өзара қатынастар жүйесі интегральдық, тұтастық білім негізінде талданады [3, 76 б.].

Адамның ең аяулы қасиеті - турашылдығы десек, турашылдық сол әділдіктен нәр алады. Одан таю яғни әділдікке жатпайтын іс істеп, қиянат жасау, біреудің обалына қалу - жазықсыз жапа шектіру болып шығады. Әділдікті аттап өтіп орындалатын, қандай да болсын іс-қимылдар екіжүзділік, залымдық болып табылады. Өйткені, әділдік жоқ жерде **адамшылық жоқ.**

Үлкен іс болсын, кішкене іс болсын, әділдіктің жоқтығынан ойран болады. Әділдіктің жоқтығынан ел азады. Адамдардың жасампаздық күші сарқылып, ниеттестіктен туатын бірліктің іргесі шайқалады.

Бұдан әділдіктің өлшемі сөз емес, іс екені көрінеді. Сол себепті де қоғамды

жетілдіріп, адамдардың өмір-тіршілігін жақсартуды аңсаған ақылмандардың барлығы «Заманды түзеудің басты шарты - әділдікті адамдар іс-қимылының нормасына айналдыру» деп қараған.

Бай ауыз әдебиетіміздің барлық жанрадағы туындыларында, классикалық әдебиетіміз бен қазіргі заманғы суреткерлер шығармаларында адамзаттың құлқын түзеуді көксеген ойшылдар мен ел, мемлекет қамын жеген қайраткерлер, саясатшылар ой пікірінде әділет ұғымына ерекше мән берілуін сонымен түсіндіруге болады.

Халық ұғымында әділдік үшін күрес - шынайы адамшылық үшін күрес деп есептеледі. Қара қылды қақ жарған турашыл, әділ адам осының қай-қайсынан да жоғары биік тұрады. Жалпы, жүрегі мейірімге толы, бойына парасаттылық қасиетін сіңірген тұлғаның болмысымен бірге әділдік қасиеті де қатарласа жүреді.

Қазақ халқында «Батырды жүз әйелдің бірі туса, биді мың әйелдің бірі туады» деген нақыл сөз бар. Яғни, би болу - екінің бірінің қолынан келе бермейтін, кәсіби біліктілікті талап ететін, адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалайтын, адамның, отбасының, оған қоса мемлекеттің тағдырына ықпал жасайтын жауапты да мәртебелі лауазым.

Би – дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, шешендік өнерді меңгерген ділмар, әділ үкім шығарушы адам. Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, би халықтың әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе, «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» - деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс.

Бұрынғы би деген ұғыммен теңестіріліп жүрген осы заманғы судьялар қаншалықты шешен, қаншалықты ділмар? Сара сөздің саңлағын бірде астарлап, бірде

мысқылдап, сүйектен өткізіп, мақтамен бауыздап, қажет жерінде қара тасты қақ айырып түсерлік семсерден бетер от ауызды, орақ тілді ұшқыр сөз зергерін кездестіреміз бе? Демек, осы бағытта біршама қызмет жасауға тура келіп отыр. Білім алу жолындағы табандылықтан артық іс жоқ. Себебі ілім кісіні ізет пен абыройға жеткізетін құрал.

Кейбір жандар атақ-даңқ үшін, мансаптың тағы үшін әр қилы әрекеттерге баруы мүмкін. Қызметтің мастығына уланып, одан шыға алмай арын да барын да сатып, қайтсем де басшы болсам, төрге шықсам, би болсам, таққа отырсам дейді. Олар «Малым жанымның, жаным арымның садағасы» дегеннің мағынасын ұғына алмайтын жандар қатарында. Оларда бір ғана арман, бір ғана мақсат - атақ даңқ пен мансапқа ие болу. Тақ пен табыттың иесі болмайтынын ойдан шығармаған жөн болар.

Мансап, байлық, атақ, даңқ та адам өмірінде қатар жүріп отыратыны белгілі. Мансапқа жету жақсы, бірақ оған жеткеннен соң адал қызмет жасаған жөн. Халқына беріліп шынайы жанашырлықпен қызмет етіп, сондай-ақ қызмет етіп отырған елдің мәдениетін танып, тілін біліп, әнін тыңдап, күйін ұғып, салтына басын иген абзал.

**Зерттеу әдістері** Адам өз өмірінің суретшісі. «Өмір деген қамшының сабындай ғана тым қысқа»-деп атам қазақ айтушы еді. Осы бір қысқа өмірде адам бақ таласады, жақсылықтарымен қатар теріс қылықтары да бірге қатар жүріп отырады. Адам бұл өмірде не істесе де өмірінің соңғы кезеңдерінде өзінің ар-ұятымен бетпе-бет қалатынын біле қоймайды, сезінбейді. «Ар жазасы барлық жазадан ауыр жаза»-деп бекер айтпаса керек, авторлар сол бір асыл сөзге тереңірек ден қойып ой жүгіртуді жөн санайды.

Қазақ данышпаны Абай атамыздың: «Тегінде адам баласы адам баласынан

ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» деген тұжырымын сот төрелігі академиясы тыңдаушыларының тұлғалық болмысына сіңдіру сот билігінде жүрген аға буынның азаматтық борышы екенін айтқымыз келеді [4].

«Не ексең соны орасың» дейді, сондықтан бұл бастаманың әділетті қоғам қалыптастыру жолында алатын орны ерекше екендігін оқырман қауымға жеткізуге тырысамыз.

Кемеңгер ойшыл Абай атамыздың **ақыл, ғылым, ар, мінез** деп айтылғандарында терең сыр мен кең мазмұн жатыр. Осы қасиеттерге шолу жүргізсек.

**Ақыл-мінез** жарастығы - парасат екені белгілі. Парасат - жеке тұлғаның қадір-қасиетін, кісілік кемелдігін білдіретін жиынтық ұғым. Ол жеке тұлғаның интеллектуалдық және мінез-құлық жағынан толысып жетілгендігін, жоғары мәдениеттілігін көрсетеді. Парасатты адамға істейтін ісін, сөйлейтін сөзін, қабылдайтын шешімін алдымен ақыл таразысынан өткізіп алу, әдеп-инабат, адамгершілік жағынан кінәратсыздық, салиқалық пен мейірімділік, ізгілік пен кең мінезділік тән.

Сондықтан парасат даналық ұғымына жақын, ол жеке адамның толысқан кемелдігінің белгісі ретінде үлкен сана мен келісті әдет, инабаттылығының кең бай мінезінің жарасты тұтастығын білдіреді.

Абай атамыз өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде бұл мәселеге әлденеше рет қайталап оралады. Ол парасат ұғымын адам болу, толық адам деген сөздерімен белгілейді. Бұл пайымдау үш қасиет (қайрат, ақыл, жүрек) тұтасқанда ғана толық адам болатынын көрсетіп: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден ерек», - дейді. Ұлы ақын осы үшеуінің басын қосатын **ғылым** деп біледі [5].

Парасатты болу үшін терең ілім-білімі болуы керек. Күннің жер жүзін жайнатып, әлемге мәңгілік өмір сыйлағаны секілді, ілім де жанды нұрға бөлеп, адамның

мерейін өсіреді. Білім адамды надандық тұмшалаған қараңғы қапастан жарық, кең әлемге алып шығады.

Парасатты адам тарих тағылымын, ата-бабалардан қалған өмір абақтарын, жол-жосынды, үлгі-өнегені зердесінде ұстап, өз кезінің өзгешеліктерін ескере отырып, пайдаланады.

Кімде-кім қолға алған игі ісін аяқтамай орта жолда қалдырып, дәрменсіздікке, жалқаулыққа бой алдырса, дұрыстығы күмәнді сөзді шын деп ұғып, әрі басқаларға солай таратар болса, суайттың өтірігіне сенсе, сұмдардың айтқанына иланып жазықсыз жандарды ренжітсе, игі міндеттерді арлы, ақылды адамдарға тапсырмаса, ондай адамның парасат биігіне көтерілмегендігі немесе парасат тізгінін қолдан шығарып алғандығы болып есептелінеді.

«Тамақтан аш қалсаң да, ақыл-парасатқа тоқ бол»- деп бекер айтпаса керек.

Ел Президенті Судьялардың IX съезінде олардың жаңа Әдеп кодексіні қабылдауын қолдады. Бұл құжат соттардың тәртібінде жоғары стандарттарды бекітіп, сот жүйесіне қоғамның сенімін нығайта түсетінін, - айтты.

Адам деген ардақты атқа ие болғысы келетін әр кісіге ауадай қажет рухани игілік - Әдеп деп аталады.

Адам ақылды, қайратты, ажарлы, сымбатты болуы мүмкін, бірақ ол әдепті болмаса, пәс, көргенсіз кісіге саналады. Ондайлар мейлі хан болсын, қара болсын, қаншалық қайран қаларлық жеңістерге, биік мансап-дәрежеге, байлыққа жеткенімен бәрібір қастерлі, қадірлі адам атана алмайды.

Әдептанудың негізгі мақсаты - адамға жамандықтың зияндылығын түсіндіріп, одан бойын аулақ салуға үйретіп, тура жолды: әдептілік, адамгершілік жолын сілтеу. Кісілік жолы - инабаттылық үрдістерін бойына дарыту, үйрену [6, 15 б.].

Әдепті адамдар әдетте арлы, иманды, қайырымды және мейірімді келеді. Үлкен

жетістіктерге жетуіміздің бірден бір жолы: рухани мұратымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, төл мәдениетімізді дамытуға деген бүкіл ұлттық ерік-жігеріміз бен табандылығымыз, дәйектілігіміз шешпек.

Өйткені, әдептілік нәсіл қуатын нәрсе емес. Ол - аға ұрпақтан жеткіншек ұрпаққа берілетін, ал жеткіншек ұрпақ оқып-тоқып, үйреніп, бойына сіңіретін, дамытып кемелдендіретін рухани ынта мен еңбекті қажет ететін қасиет.

Бүгінде тәлімгерлік ғылымының әдептілік тәрбиесіне баса мән беруі адамды ең жоғары құндылық деп тануға, әдептілікті адамзаттың ең бір асыл қазынасы деп мойындауға бет бұрғандық болып саналады.

Тәрбие, соның ішінде әдеп тәрбиесі үлкендер мен ұстаз-тәрбиешілердің үлгі-өнеге көрсетіп отыру жолымен үздіксіз жалғастырылуы тиіс.

Күллі ғажайыптың ішіндегі ең тамашасы жақсы тәрбиеленген адам. Адам кез-келген жоғары білікті маман болуы мүмкін, бірақ адам болып қалу әр азамат пен азаматшаның қолынан келе бермейді. Судья лауазымындағы азаматтар да тал бесіктен жер бесікке дейінгі адам. Әрине елімізге заман талабына сай мықты, білікті, білгір маман қажет, ал егер осы көрсетілгендердің түгелі адамзатқа тәрбиесіз қонса, қоғамға кері әсерін тигізуі ықтимал. Олай болғанда, Әл-Фараби бабамыздың: «Тәрбиесіз алынған білім, адамзаттың қас жауы», - деген тұжырымдамасымен түйіндейміз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні адамгершілік нормаларын алдыңғы қатарға шығару керек деген ниетіміз, келешек қам үшін айтылған жоба және көрсетілген жол деп білеміз. Сондай-ақ болашақ ұрпақтың рухани дамуына, адам болып қалыптасуына себеп болсын деген пікір және адамдық борышымыз.

Адам қайтадан қайырылып қауымға келмейді. Барын да, нәрін де тірлікте

беру, ғибрат алар артына із қалдыру - сол шын бақыт, осыны ұғыну қажет, сонда ғана адам мәңгілік өлмейді [7].

### Нәтижелер, талқылау

Жалпы алғанда тәуелсіз елімізде ұлттық сана, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, сананың ашықтығы, қазақ елінің эволюциялық дамуы жолында біршама жұмыстар атқарылуда. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, рухани мәдениетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс екендігін өскелең ұрпақ білуі қажет. Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі [8].

Шеңгел бұтағына ілініп қалған зер қабық, діріл қағып қаудырайды [9, 3 б.].

Қаудырауға жол бермейтін өскелең ұрпақты, жастарды, халықты жігерлендіретін, алға ұмтылдандыратын ұлт мақтанышы қазақ зиялыларының шығармалары жетіп жатыр. Осы орайда, Міржақып Дулатов ағамыздың «Оян қазақ» өлеңі бірден еске түсіп, жігерлендіреді. Бұл өлең шумақтары жас ұрпақтың білім мен ғылым жолындағы ұраны болса дейміз. Елдің әрбір азаматы мен азаматшасы жарқын болашақ үшін күресуші қайраткер болса, нұр үстіне нұр еді.

### Қорытынды

Әдеп негіздері болып табылатын ар-ұят, мінез жайлы әңгіме қозғаудағы түпкілікті мақсат - жас буынға ізгіліктің тура жолы – әдептілік жолын айту.

Әдепті адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы, мәртебесі және әдептілік заңы салтанат құрған қоғамның абыройы жоғары, тұрмысы сәнді, тіршілігі шуақты болмақ екенін ұғындыру.

Әдептілік сенімдері, принциптері, өлшемдері кісіліктің шарапатты негіздері, рухани ұйытқысы, мәйегі болып табылады. Адамның қандай болмағы, кім болмағы тәрбиеге, жағдайға (ортаға) байланысты. Демек, жеке адам өздігінен әдепті кісі болып шыға келмейді. Әдептілік адамның өзімен бірге өсіп жетіледі, оған айналасындағы адамдар, қоғамдық институттар, отбасы, мектеп, т.б. әсер етеді.

Сондықтан адамның әдептілігі оның адамдар арасындағы жүріс-тұрысынан, бас-қалармен қарым-қатынасынан көрінеді.

Ұлы дала заңында ар-ұяттан безген, оны аттап өткендерге бірнеше жаза түрлері белгіленген. Соның ең ауыры «Сендей арам ағайыннан, адал арым артық» деп, туған жерден, ағайын-туыстан, рулас, аталас бауырдан қудалап артынан топырақ шашып, теріс баталарын берген. Одан асқан ауыр жаза жоқ екені сөзсіз. Мұхтар Әуезов ағамыздың «Ар жазасы, бар жазадан ауыр жаза» деген ел жадында жүрген керемет нақыл сөзі де осыдан туындаса керек.

Демек, еліміздің әрбір азаматы өзінің әрбір ісінде ар-ұятын, адамгершілік құндылықтарын жоғары қойып өмір сүретін болса, қоғамда оңтайлы өзгерістер көрініс табатындығына және болашағы жарқын, кемел ел болатынымызға кәміл сенеміз.

### Пайдаланылған қайнар көздер тізімі

1. <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-ix-sezde-sudey-respubliki-kazakhstan-492648>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000436>
3. «Сот жүйесі ғалымдарының диалогы» I-Халықаралық форумының материалдары. - Тараз, 2021. - 392 б.
4. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. Алматы: «Атамұра», 2014. - 156 б. (он сегізінші қара сөзі).
5. <https://abai.kz/post/105356>
6. Асыл Ұ., Нұсқабайұлы Ж. Әдептің ауылы алыс па? Тәрбие туралы әңгімелер. Алматы: «Білім», 2011. - 304 б.

7. Шәкәрім шығармалары (Құрастырғандар М. Жармұхамедов, С. Дәуітов). - Алматы: «Жазушы», 1988. - 542 б.
8. [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
9. Шерхан Мұртаза. «Қызыл жебе», үшінші кітап - Алматы: «Дария дамыту орталығы», 2022. - 288 б.

## REFERENCES

1. <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-prinyal-uchastie-v-ix-sezde-sudey-respubliki-kazahstan-492648>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000436>
3. «Sot zhyjesi ғалымдарының dialogy» I-Ғалықаралық forumynың materialdary. –Taraz, 2021, – 392 В.
4. Abaj Құнанбайұлы. Қара сөздер. Almaty: «Atamұra», 2014, – 156 В. (on segizinshi қара сөзі).
5. <https://abai.kz/post/105356>
6. Asyl Ұ., Нұсқабайұлы Zh. Әдептің ауылы алыс па? Тәрбие туралы әңгімелер. Almaty: «Bilim», 2011, – 304 В.
7. Шәкәрім шығармалары (Құрастырғандар М. Жармұхамедов, С. Дәуітов). – Almaty: «Zhazushy», 1988, – 542 В.
8. [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy)
9. Sherhan Mұrtaza. «Қызыл жебе», үшінші кітап – Almaty: «Darija damytu ortalyғы», 2022. – 288 В.